

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

II том

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5)каз

А 13

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің

Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баста кеңесі шешімімен ұсынылған

(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған

Ғылыми-редакциялық кеңес:

Ж. Дәдебаев (*торага*), Ө. Әбдіманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
Б. Жақып, А. Жақсылықов, Қ. Мәлібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарап,
А. Темірболат, Ж. Тілегөв, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (*хатшылар тобының
жетекшісі*), И. Әзімбаева (*жауапты хатшы*), Ә. Жапарова (*хатшы*)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор *К.К. Мәдібаев*

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ж. Дәдебаев*

Құрастырылған, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ә. Тарап*

А 13 **Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. II том. Ойлар мен толғаныстар / құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жауапты ред. Ә. Тарап; жалпы ред баск. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 264 б.

ISBN 978-601-04-1283-5

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырган таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай тұралы сөз» толғауымен ашылған. Екінші томға абайтану саласында 1940 жылдан 1960 жылға дейін жарық көрғен, уақыт сыйнан өткен, ғылыми және тағылымдық маңызы үлкен еңбектердің таңдамалылары енген.

Кітап орта мектептің жогары сыйып окуышылары мен жогары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ақ қалың көшпілікке арналған.

II томға енген таңдамалы еңбектер елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық өлеуеттің артуына, қоғамдық санаудың дамуына ықпал етеді.

Том 3979/ГФ4 «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнараалық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5)каз

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

ISBN 978-601-04-1282-8

Мұхаметжан Қаратаев

АБАЙДЫ АРМАНДАСАҚ

Қай халықтың да белгілі бір заманда бетке үстап, бедел тұтар дара тұлғалы данышпаны болады. Ол өзінің озық ой, санасымен халқының тарихи дамып жеткен бүгінгі рухани дәрежесін таныта отырып, оның алдындағы болашақ мұрат межесін мензейді. Сондай кісінің бірі және бірегейі біздің қазақ халқының өткен ғасырда өмір сүрген ұлы ұлттық ақыны Абай екені өмбеге аян. Абайды 1936 жылғы тұңғыш макаламда алғаш рет «Ұлы ұлттық ақын» деуіме И.Г. Белинскийдің Пушкинді дәл осылай бағалауы бірінші себеп болған еді. «Ұлттық ақын – ұлы іс!» – депті ұлы сыншы, – Пушкиннің ұлттығы жайлы біздің айтарымыз: ол өз бойындағы халық өмірінің географиялық және физиологиялық белгілерін бейнелемеуі мүмкін емес еді, неге десеніз, Пушкин – жай ғана орыс емес, сонымен бірге бойына табиғи жаратылышынан данышпандық күш дарыған орыс. Оның поэзиясының халықтығы мен ұлттығын атағанда, бұдан біз оның аса ұлы көркемдік тақтын көреміз».

Пушкин жаратылышындағы осынау Белинский атаған негізгі қасиеттерге принципті үқсастық қазақ жағдайында Абайға да тән деп біліп, 1936 жылы Ленинградта кандидаттық диссертациямның тақырыбын «Пушкин және Абай» деп қойғаным бар. Бұл тақырып газетте де, кітапта да осылай жарияланды. Абай туралы аз жазылып жүрген жоқ. Кімде болса оның ұлылығына ешқашан шек келтірмейді. Бірақ мәселе Абайдың ұлылығын жәй ғана мойындалғанда емес. Сол ұлылықтың тересі сырын, мәнін алдымен өзің ұғып, өзің танып, оның үстіне мүмкін қадар өзгеге жеткізу жайында. Міне, мәселенің қыын жері осында. Біздің қазақ жерінің шығысына таң сөріде жарқырап туған Шолпан жұлдызындағы ұлы Абай халқымыздың дара туған данышпан тұлғасы, жарығы мен жалыны еді ғой. «Таңсәрі» демекші, Абайдың дүниеге келіп, төңірегіне нұр шашқан заманы, қазақ даласының қараңғылығы әлі сейілмегенімен, тағдырлас көрші Россияда революциялық жағдай өріс алып, нысанаға жақындаған шақ болатын. Бұл шақ қазақ халқының да көзі ашық өкілдерінің ояна бас-

тау қарсаңы болғанын білеміз. Сол қарсаңда Ленин айтқандай, «Орыс революциясының айнасы» санаған Лев Толстой творчествасынан қоңліне көп әсер түйген қазақтың Абайы ертеңгі атар таңын армандалап, өз ортасының бүгінгі болмысын, оның ашы шындығын ақындық айнаға түсірген ұлы суреткөр болғаны аян. Мұны қазақ ортасының санаулы қауымы ерте-ақ үғынып, оның ұлылығына ешқашан күмән келтірген емес. Оның данышпандық ақыл-ойына, ақындық үздік таланттына өлеңін оқыған сауатты да, оқымай, тек естіген сауатсыз да үйип тыңдалап, сүйсіне қабылдайтын.

Осында қандай сыр бар, нендей себеп бар? Мұны әркім өр кезде өзінше өр қырынан алып, өртүрлі түсіндіріп келеді, әлі де өр қылыш пікірлер айтушылар бар. Бірақ олар Абайдың ақындық атағы төңірегінде емес, оның туындыларының терең сырын қалай үғып, қандай сабак алу кажет дейтін түйінді мәселеле төңірігінде. Бұлар жайында айтар ой, түйер түйін әлі де баршылық.

Орыс халқының XIX ғасырда өмір сүрген екі бірдей алып жа-зушысы, алдымен, Пушкин, сонынан Лев Толстой – әдебиетінің даңқын дүние жүзіне шығарған дара данышпандар екені өлдекашан өммеге аян. Соның өзінде бұл екеуінің мұхит творчествосының терең де күрделі көркемдік сырьы мен қасиеті әлі күнге дейін күн тәртібінен түскен жақ.

Ендеше Абай мәселесі бұлардан арман жатыр – әлі алысырақ. Сондықтан бұл мәселенің анықтамасының үлгі-өлшемі ре-тінде, алдымен, ұстазы Пушкиннен бастап, Лев Толстой таразысымен баламалауда маңызды мән бар. Абайды тану үшін, оның ұлылығы мен ұлттығын түсіну үшін, бір жағынан, Белинский көзімен Пушкинге қарап, екінші жағынан, Ленин көзімен Толстойға қарап, Абай ақындығының ұлылығы мен ұлттығын Абай творчествосының тарихи-әлеуметтік, идеялық-эстетикалық тұрғысын тануға болады.

Пушкин қазақ оқушыларына алғаш Абай арқылы жол ашты, қазақ оқушысы оны жақсы қабыл алды. Абай аударған Татьяна мен Онегиннің хаты сияқты «Евгений Онегиннің» үзінділері қазақ халқына тамаша ұнап, кейін қазақ даласының ең сүйікті өлеңі болып кетті. Қазақ оқушылары Пушкин өлеңдерінің күшін, музыкасын, өмірлік мағынасын сезімділігін түсінді. Абай-

дың аудармасы арқылы орыс халқының ұлы ақынымен жақындығын сезе бастады, өйткені Пушкин жалғыз орыс халқы емес, басқа халықтардың да өмірін, түрмисын, харakterін сүйіп, жете зерттеп олардың ұлттық ерекшеліктерін өзінің мәңгілік образдарын көрсеткен. Пушкиннің сондай халықтық ақын болғандығынан қазақ халқы оның творчествасын сүйіп қарсы алды. Абай оған арнап жалынды өлеңдер жазды. Пушкин халық өмірін шындық түрғысынан, тарихи көзben болжайды, адам баласын шексіз сүйестін еді, харakterлерін суреттегендे халық өдебиетінің бай қазынасынан пайдаланды. Халық өдебиетінің сюжетін мейлінше көп және өте қонымды түрде пайдаланған, сондықтан да Пушкиннің халықтық қасиеттері Абайдың «кеудесіне» қонып кеткен. Пушкиннің тарихи орны, бүкіл творчествасының харakterі Абайға белгілі үлгі болған. Пушкиннің үлгілерінің көп белгілері ақын Абайға идеал болған. Пушкин мен Абайдың арасынан аналогия жасап қарауға болмайды, өйткені екеуі – екі заманда, түрлі тарихи жағдайларда жасаған адамдар. Дегенмен екеуінің ұқсас жерлелін айтпай болмайды.

Пушкин туралы Белинский: «Халықтық сатира, көркемдік – ол Пушкин поэзиясының молдығы, байлығы және оның бүл қасиеттері аса жоғары көрікті кемелденген сатыға жеткен», – дейді. XIX ғасырдың аяқ кезінде Абайдың аудармалары қазақ өдебиетінде болған үлкен оқиға екенінде талас жоқ. Бірақ аз үзінді аудармаларынан Пушкин қазақ өдебиетінің өсуіне қаншама, зор әсер еткенін, Пушкин мұрасын көпшілік арасына тарату, оның көркемдік идеяларын қазақ өдебиетіне енгізу жөнінде Абайдың аса зор мөнін толық шеше алмаймыз. Абай Пушкинге бүтіндей бағынып кеткен аударушы емес. Абай – Пушкиннің қызы, жалынды шәкірті. Аудару – Абайдың Пушкиннен окудағы бірінші сатысы, ол оқуы ұлы орыс ақынының мұрасын өз бетімен талқылап оқу мақсатына бағынған.

Абай Пушкиннен көп аударған жоқ. Бірақ сол өз аудармасының ішінде түпнұсқадан тыс шығып, аударманы өзінің творчестволық жұмысының бір бөлшегі етіп кеткен жерлері аз емес. Ойлап қарасақ, ол кездейсоқ істелген емес, өйткені сөйтіп жүріп, Абай Пушкиннен шеберлік өдістерін үйренген. Абайдың бүл жолы кең творчестволық жұмысында өзін актады. Абай творчество-

сы гүлденген 80-жылдар Лермонтовты аударды (1882). Орыстың тамаша шығармаларының ескерткіштермен алғаш танысқаннан кейін, 1884 жылы былай деп жазды:

Жасымдағының бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң туспеді уысма,
Қолымды мезгілінен кеп сермедім.

Өзінің бұрын бос қалған жерлерін сезіп, орыс мәдениетін білу қажет деп үмтүлғаны емес пе!

Пушкиннің поэзиясы Абайдың творчествосына қандай әсер етті, екі ақынның творчествосында қандай ортақтық бар деген мәселеге кері айналсақ, Пушкин поэзиясы қазақ әдебиетінің гүлденіп, өршуіне қуат жеткізетін тамыр болды деуге болады. Абай еліктеген емес, ол қолтума поэзиясын тудырды, бірақ оның поэзиясы Пушкин поэзиясымен табиғи туысқан болды. Пушкин поэзиясында Белинский тапқан халықтық, сатира, көркемдік деген үш элемент Абайдың поэзиясында да табылады.

Өмір, адам деген тақырып – Пушкиннің де, Абайдың да сүйетін, қызық тақырыбы. Екеуі де шын қоңлімен жарқын өмір, бақытты, ерікті адам үшін күреседі. Екеуінің шығармасында да халықтың, еңбекші адамның үміті, тілегі көрініп тұрады, олардың ұстанған туы осы. Көп жерлерде олардың, өсіреле Абайдың поэзиясында уайым, қайғы таңбалары көрініп тұрады. Ол – сол уақыттағы қоғам арасы қатынас жағдайларында идеялары жүзеге шығуға мүмкіндік жоқтығының белгісі. Бірақ екеуінің творчествосында да реакция ақындарына лайық меланхolia, мистика, писсизм, өмірден қашу деген жоқ. Қайта Пушкин мен Лермонтовтың, оның ізінше Абайдың қайғысында ерлік, қайрат күшті.

Но не хочу, о други, умирать,
Я жить хочу, чтобы мыслит и страдать.
И ведаю: мне будет наслаждение
Меж горестей, забот и треволненья.

Бұл сөздің ішінде ұлы Пушкиннің шексіз күшті, қуанышты өмірге үмтүлған өжет кескіні айқын көрініп тұр.

Бұл жерде Абай поэзиясында сатира мен қайғы басымырақ екенін айтып кетпей болмайды. Бірақ Абай заманындағы қоғам түрмисінде шенқұмарлық, паракорлық, өтірік, өсек, менмендік, мақтаншақтық сыйылды мерездерді қатты сынап, айтқаны болмаған соң ақын нали келіп, сөлден кейін қайтадан жаңа қайратқа мініп отырады да:

Мен мақтанның құлыш емес,
Шың ақылға зорлық жоқ.
Ант үрган көп, бұл емес,
Өлім барда қорлық жоқ, –

деді.

Абай Пушкин сияқты неше түрлі қыындықтың ортасында өзінің мойымас ақындық дәрежесін таза сақтайды, таптық қоғамның нәтижесінде адамның бұзылып бара жатқан кескінін мазак қылып, көркем сөзімен олардың адамдық қасиетін жоғалтпауына шақырып, жарық болашақ туралы ой салады, қөнілде үміт туғызады. Абайдың творчествосында ақындық көзқарастарымен бірге Пушкинмен қайнап біткен идеялық Пушкиннің көркем сурет беретін өдіс дәстүрі де көп табылады. Абайдың өлең турали: «Тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиіп, теп-тегіс жұмыр келсін айналасы», – деген бағасы дәл өз өлеңіне келеді. «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын, қазактың келістірер қай баласы?» – деген сұрағына ақынның өз өлеңі толық жауап береді. Абай поэзиясы, тұтас алғанда да, Лермонтов поэзиясы сыйылды пікірге толы, сезімге бай, кернеген ызалы және Пушкин поэзиясы сыйылды мұсіндей мөлдір таза, ашиқ жарқын, музикалы екенін көреміз.

ТҮСІНІКТЕР

1. Әуезов М. Абайдың өмірбаяны. Баспасөз бетінде жарияланған: Әуезов Мұхтар. Жиырма томдышқ шығармалар жинағы. 20-том. Монография мен мақалалар / жауапты шығарушылар: Л. Әуезова, З. Серікқалиев. – Алматы: Жазушы, 1985. – 26-90-беттер; Абай институтының вебсайты.

2. Беккожин Қ. Қазақ халқының ұлы ақыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Коммунист. – №9. – 1940. – 27-36-беттер; Абай институтының вебсайты.

3. Бөжеев М. «Евгений Онегин» Абай аудармасында. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер / құраст. филологияғылымдарының докторы, профессор Нығмет Faабдуллин. – Алматы: Жазушы, 1986. – 209-224-беттер; Абай институтының вебсайты.

4. Мұқанов С. Абай – қазақ халқының ұлы кеменгері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: «Қазбірмемдік» баспасы, 1945. – VII-XXIV беттер; Абай институтының вебсайты.

5. Мұсірепов F. Қазақ әдебиетінің өркендеуі жолындағы Абайдың тарихи орыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: «ҚазССР FA» баспасы, 1954. – 30-37-беттер; Абай институтының вебсайты.

6. Әуезов М., Кенжебаев Б. Абай – қазақтың ұлы ақыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Әуезов М., Кенжебаев Б. Абай – қазақтың ұлы ақыны // Социалистік Қазақстан. – 15 май. – №94 (2859). – 1945; Абай институтының вебсайты.

7. Жұмалиев Қ. Абай шығармаларындағы пындық және әлеуметтік теңсіздік мәселелері. Баспасөз бетінде жарияланған: проф. Қ.Ж. Жұмалиев Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. 2-том. – Алматы, 1960. – 83-110-беттер; Абай институтының вебсайты.

8. Қаратаев М. Абайды армандасақ. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 155-159-беттер; Абай институтының вебсайты.

9. Нұртазин Т. Абайдың ақындық шеберлігі туралы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР FA баспасы, 1954. – 162-172-беттер; Абай институтының вебсайты.

10. Тәжібаев Ә. Абай және қазақ лирикасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Мақала алғаш рет 1945 жылы «Майдан» журналында басылған, автордың «Өмір және поэзия» кітабында жарық көрген. Мақала ақынның бес томдышқ шығармалар жинағының төртінші томында жарияланған басылымы бойынша берілді: Тәжібаев Ә. Бес томдышқ шығармалар жинағы. 4-том. – Фылыми еңбектер. – Алматы: Жазушы, 1981. – 26-58-беттер; Абай институтының вебсайты.

11. Бекхожин Х. Абай және «Дала уалаяты». Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 355-364-беттер; Абай институтының вебсайты.

12. Мұқамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында (үзінді). Баспасөз бетінде жарияланған: Мұхамедханов Қ. Қөп томдышқ шығар-

малар жинағы. I том. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Алаш, 2005; Абай институтының вебсайты.

13. Омаров І. Ата сөзі. Баспасөзде жарияланған: Омаров І. Өмір мен өнер (очерктер, мақалалар, өлеңдер, хаттар, естеліктер) / құраст. Қ. Құрманғали. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖПС, 2012. – 286-291-беттер.

14. Қоңыратбаев Ә. Абай Құнанбаев. Баспасөзде жарияланған: Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқу қуралы / құраст., алғы сөзін жазған Т. Қоңыратбаев. – Алматы: Санат, 1994. – 147-167-беттер; Абай институтының вебсайты.

МАЗМУНЫ

Әуезов М. Абайдың өмірбаяны	3
Беккожин Қ. Қазақ халқының ұлы ақыны	68
Бәжесев М. «Евгений Онегин» Абай аудармасында	85
Мұқанов С. Абай – қазақ халқының ұлы кемеңгері	103
Мұсірепов Ф. Қазақ өдебиетінің оркендеуі жолындағы Абайдың тарихи орны	119
Әуезов М., Кенжебаев Б. Абай – қазақтың ұлы ақыны	127
Жұмалиев Қ. Абай шығармаларындағы шындық және өлеуметтік тенсіздік мәселелері.....	143
Қаратаяев М. Абайды армандасан.....	163
Нұртазин Т. Абайдың ақындық шеберлігі туралы.....	168
Тәжібаев Ә. Абайдың лирикасы	178
Беккожин Қ. Абай және «Дала уалаяты»	203
Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында	213
Омаров I. Ата сөзі	235
Қоңыратбаев Ә. Абай Құнанбаев	240
Түсініктер.....	261

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
II том
Ойлар мен толғаныстар**

Кұрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *G. Рустембекова*
Компьютерде беттеген және
мұқабаны безендірген *K. Өмірбекова*

ИБ№8549

Басуға 06.10.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 16,5 б.т. Офсетті қағаз. Сандақ басылыш. Тапсырыс №1507.
Таралымы 50 дана. Багасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.